

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ АҚАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЗАҢДЫ ТҮЛГЕ АЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
2008 ж. «9» 12 өткізілді
№ 95460-1910 Ауст (с/у) куәлік
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
«9» 12 2008
свидетельство № 95460-1910 Ауст (с/у)
БСН/БИН 081240005976

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен
Хаттама № 5 «02» сәуір 2010 ж.

БЕКІТІЛДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ АҚАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
КҮРМІТБЕ ҚОҒАМЫ ТАС ПАРТІСІ
ТОҒАЛЫ
2010 8947 05
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
ИДЕТІ АҚАЛЫҚ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
15 05 8947 10

«ЕУРАЗИЯЛЫҚ САУДА ЖҮЙЕСІ» ТАУАРЛЫҚ БИРЖАСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ

Алматы қ., 2010 ж.

СМОТРИ
НА ОБОРОТЕ

1-Бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» акционерлік қоғамының бұдан әрі «Биржа» Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, құрылу тәртібі мен оның органдарының құзіретін, оның қызметінің қайта құрылу және тоқтатылу шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да жағдайларын айқындайды.
- 1.2. Биржаның толық фирмалық атауы:
 - Мемлекеттік тілде: «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» акционерлік қоғамы;
 - Орыс тілінде: Акционерное общество «Товарная биржа «Евразийская Торговая Система»;
 - Ағылшын тілінде: Eurasian Trade System Commodity Exchange Joint Stock Company.
- 1.3. Биржаның қысқаша фирмалық атауы:
 - Мемлекеттік тілде: «ЕСЖ» тауарлық биржасы» АҚ;
 - Орыс тілінде: АО «Товарная биржа «ЕТС»;
 - Ағылшын тілінде: ETS Commodity Exchange JSC.
- 1.4. Биржаның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 136.
- 1.5. Биржа қызмет аясы: Биржа Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әмбебап болып табылады.

2-Бап. БИРЖАНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

- 2.1. Биржа Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, оның жеке балансы, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алуға және жүзеге асыруға, жауапкершілік көтеруге, сотта, соның ішінде төрелік және/немесе аралық сотта жауапкер және талапкер болуға құқылы.
- 2.2. Биржаның мөрі, сондай-ақ өз атауы жазылған мөртаңбасы мен бланкілері және оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да деректемелері бар. Биржа белгіленген тәртіпте өзінің тауарлық белгісін тіркеуге, өз төлтаңбасын және басқа да даралау құралдарын қолдануға құқылы.
- 2.3. Биржа өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Жарғыны, корпоративті басқару кодексін, сондай-ақ өзінің ішкі құжаттарын басшылыққа алады.
- 2.4. Биржа басқа заңды тұлғалардың құрылуына немесе қызметіне катысуға құқылы. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған тәртіпте, Биржа заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы Ереже негізінде Биржа атынан және оның

тапсыруымен іс-әрекет етуші, оның орналасқан жерінен тыс жерде орналасқан, филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

2.5. Биржаның қызмет ету мерзімі шектелмеген.

3-Бап. БИРЖАНЫҢ ҚЫЗМЕТ НЫСАНЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

3.1. Биржа қызметінің нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған, тауарлық биржа функцияларын, сондай-ақ Биржа қызметінің мақсаттарына сай келетін және Биржаның жүзеге асыруына Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да функцияларды жүзеге асыру болып табылады.

3.2. Биржа өз қызметінің нысанын жүзеге асыру мақсатында, тиісті лицензиялардың негізінде қызметін жүзеге асырады:

- 1) тауарлық биржалық және клирингтік қызметті ұйымдастыру;
- 2) биржалық тауарлармен, соның ішінде мерзімдік келісімдерді қоса алғанда саудасаттықты ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- 3) мәмілелер бойынша клиринг пен есеп-айырысуларды ұйымдастыру және жүргізу;
- 4) биржа мүшелеріне ұйымдастырушылық, кеңестік, ақпараттық, әдістемелік және басқа да қызметтер көрсету;
- 5) биржалық тауарлар нарығында аналитикалық зерттеулер жүргізу;
- 6) биржалық қызмет туралы ақпаратқа қатысты баспа өнімдерін шығару;
- 7) биржалық тауарлық нарық қатысушыларын оқыту және олардың біліктілігін арттыру бойынша оқу курстарын ұйымдастыру;
- 8) Биржаның сауда жүйесін пайдалану;
- 9) биржалық сауда қатысушылары арасындағы дауларды шешу;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес биржалық саудамен байланысты басқа да қызметтер.

3.3. Биржаның негізгі міндеттері:

- 1) қор және тауарлық нарықта сауданы қамтамасыз етуші шарттарды құру;
- 2) биржалық нарықтың инфрақұрылымын дамыту.

3.4. Лицензиялануға тиісті қызметті Биржа сәйкес лицензияны алған жағдайда жүзеге асырады.

3.5. Биржа сауда, сауда-делдалдық және басқа да биржалық саудаға тікелей байланысты емес қызметті жүзеге асырмайды.

4-Бап. МҮЛІК ЖӘНЕ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

4.1. Мүлік. Биржа мүлкі келесілер есебінен құрылады:

- 1) акционерлердің Биржа акцияларын төлеуге берген мүліктер;
 - 2) оның қызметі нәтижесінде алынған табыстар;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздемелер бойынша алынған басқа мүлік.
- 4.2. Биржа Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметінің мақсаттары мен мүлігінің көрсетіліміне сай өз мүлкін иемденуді, пайдалануды және басқаруды жүзеге асырады.
- 4.3. Жарғылық капитал. Жарғылық капиталды құру Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен және басқа мүліктік және мүліктік емес құқықтармен жүзеге асырылады. Биржаның жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес анықталатын, номиналды құны бойынша құрылтайшылардың акцияларды төлеуі арқылы құрылады. Биржаның жарғылық капиталы 64 000 000 (алпыс төрт миллион) теңгені құрайды.
- 4.4. Биржаның жарғылық капиталының ұлғайтылуы Биржаның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

5-Бап. БИРЖА ҚОРЛАРЫ

- 5.1. Резервтік қор. Шығындарды өтеу үшін Биржа Акционерлердің жалпы жиналысымен анықталатын мөлшерде Биржаның резервтік қорын құруға құқылы. Резервтік капитал құралдарын пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесімен анықталады. Резерв қорына жылдық аударымдар мөлшері Акционерлердің жалпы жиналысымен анықталады.
- 5.2. Басқа қорлар. Биржада басқа да қорлар құрылуы мүмкін. Биржаның мұндай қорларының тізімдемесі, құқықтық режимі, құрылу және пайдалану тәртібі, сондай-ақ Биржа қоры бойынша табысты бөлу нормативтері Биржаның Директорлар кеңесімен анықталады.

6-Бап. АКЦИЯЛАР. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ШАРТТАРЫ

- 6.1. Акциялар. Биржа жай акцияларды шығарады. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.
- 6.2. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, биржада таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ биржа таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен оның мүлкінің белгілі бір бөлігін алу құқығын береді.
- 6.3. Акциялар шығарылымымен қатар, Биржа Директорлар кеңесінің шешімі бойынша бағалы қағаздардың басқа да түрлерін, соның ішінде айырбасталатын бағалы қағаздардың шығарылымын жүзеге асыруға құқылы, сондай-ақ Биржа, бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамаға сәйкес опциондар бекітуге құқылы. Басқа бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, айналымға жіберу және өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітіледі. Мұндай бағалы қағаздардың иелері оларды шығару кезінде Жалпы жиналыс шешімімен арнайы өзгеше белгіленбесе, Биржаны басқаруға қатысу құқығы берілмейді. Айырбасталатын бағалы қағаздарды айырбастау шарттары оларды шығару кезінде анықталады.

- 6.4. Акция ұстаушылардың тізімдемесінің жүйесі. Биржа акцияларын ұстаушылар тізімдемесі жүйесін жүргізуді Биржаның немесе оның аффилиирленген тұлғаларының аффилиирленген тұлғасы болмауы қажет. Биржа акцияларын ұстаушылар тізімдемесі жүйесін жүргізу тәртібі, сондай-ақ ол бойынша уәкілетті органға ақпаратты ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен, сондай-ақ тіркеушімен бекітілген шарт негізінде анықталады.
- 6.5. Тіркеу және құқықтарды растау. Акцияларды орналастыру және Биржаның бағалы қағаздарымен басқа да мәмілелермен, олардың ауыртпалықтарымен қоса тіркелуі тиісті, ал бағалы қағаздарға сәйкес құқықтар егер, Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше көзделмесе, бекітілген тәртіпте тіркелген сәттен бастап туындайды. Құжатсыз бағалы қағаз бойынша құқықтардың растамасы бағалы қағаздарды ұстаушының есептік шотынан жасалған көшірме жазба немесе атаулы ұстаушы шотынан көшірме жазба, немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да дәлелдер болып табылады.
- 6.6. Акцияларды шығару, орналастыру, айналымға жіберу шарттары мен тәртібі, сондай-ақ жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу Биржа акцияларын шығару проспектісімен белгіленеді.

7-Бап. ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ ТӘРТІБІ

- 7.1. Биржа қызметтерін көрсетуден түскен табыстар Биржаның инфрақұрылымының дамуына жұмсалған шығындарын өтеу үшін пайдаланылады. Биржаның таза табысы (салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлеген соң) Биржа басқаруында қалады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысы шешімімен белгіленген тәртіпте бөлінеді.
- 7.2. Қалған бөлігі Биржаның дамуына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысы шешімімен қарастырылған басқа да мақсаттарға бағытталады.

8-Бап. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 8.1. Акционерлердің негізгі құқықтары. Биржа акционерлері құқылы:
- 1) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен (ары қарай – «Заң») және осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте биржаны басқаруға қатысуға;
 - 2) дивидендтер алуға;
 - 3) Биржаның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Биржаның қаржы есептілігімен танысуға;
 - 4) биржаның тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
 - 5) Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына Биржаның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;
 - 6) Биржа органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;

- 7) Биржаға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Биржаға сауал келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 8) биржа таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- 9) Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Биржа акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылық құқығымен сатып алуға

8.2. Ірі акционер. Ірі акционер болып өзара жасалған келісім негізінде әрекет ететін, өзіне (жинақтап алғанда өздеріне) акционерлік биржаның дауыс беретін акцияларының 10 (он) және одан да көп проценті тиесілі акционер немесе бірнеше акционерлер табылады. Акционерлердің негізгі құқықтарымен қатар, ірі акционер құқылы:

- 1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
- 2) директорлар кеңесіне осы Заңға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;
- 3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Биржа аудитін жүргізуін талап етуге.

8.3. Биржа акционері міндетті:

- 1) акцияларды төлеуге;
- 2) осы акционерге тиесілі акцияларды Биржаның тіркеушісіне және нақтылы ұстаушыға Биржаның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы 10 (он) күн ішінде хабарлауға;
- 3) Биржа немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
- 4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындауға.

9-Бап. БИРЖАНЫҢ ЖӘНЕ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 9.1. Биржа өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауап береді.
- 9.2. Биржа өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтермейді. Биржаның акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде биржа қызметіне байланысты залалдарға тәуекел етеді.
- 9.3. Биржа мемлекет міндеттіліктері бойынша жауап бермейді, сондай-ақ мемлекет те оның міндеттіліктері бойынша жауап бермейді.

10-Бап. БИРЖА ОРГАНДАРЫ

- 10.1. Биржа органдары. Биржа органдары:

- 1) жоғарғы орган – Акционерлердің (құрылтайшылардың) жалпы жиналысы, бұдан ары «**Акционерлердің жалпы жиналысы**» деп аталады;
 - 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
 - 3) атқарушы орган (алқалық) – Басқарма (биржа кеңесі), бұдан ары «**Басқарма**» деп аталады.
 - 4) бақылау органы – Ішкі аудит қызметі (тексеру комиссиясы), бұдан ары «**Ішкі аудит қызметі**» деп аталады;
- 10.2. Басқа органдар. Биржа қарауы бойынша басқа да органдар құрылуы мүмкін, олардың құрылу тәртібі мен құзыреті Акционерлердің жалпы жиналысымен немесе Директорлар кеңесімен бекітілетін, Биржаның ішкі құжаттарымен анықталады.

11-Бап. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

- 11.1. Акционерлердің жалпы жиналысы. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Егер Биржада барлық дауыс беруші акциялар бір акционерге тиесілі болса, Акционерлердің жалпы жиналыстары өткізілмейді. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер мұндай акционерлермен жеке қабылданады және жазбаша түрде рәсімделуге тиісті. Егер жалғыз акционер заңды тұлға болса, мұндай шешімдер заңнама мен заңды тұлғаның жарғысына сәйкес органмен, лауазымды тұлғалармен немесе жұмыскерлермен қабылданады.
- 11.2. Жылдық жалпы жиналыс. Биржа акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында Биржаның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі, Биржаның аяқталған қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібі және Биржаның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері айқындалады, акционерлердің Биржаның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін 5 (бес) ай ішінде өткізілуге тиіс. Есепті кезең ішінде Биржаның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім 3 (үш) айға дейін ұзартылған болып саналады.
- 11.3. Шақырылым. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Директорлар кеңесімен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда, басқа тұлғаларымен шақыртылады.
- 11.4. Кезектен тыс Жалпы жиналыс. Жылдықтан басқа акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.
- 1) Шақырылым. Кезектен тыс Жалпы жиналыс Директорлар кеңесінің, ірі акционердің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайда басқа тұлғалардың бастамасымен шақыртылады.
 - 2) Ірі акционердің жиналысының шақырылымы. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап Биржаның Басқармасы орналасқан жеріне тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы директорлар кеңесіне қойылады, онда мұндай жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс. Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он күн ішінде шешім қабылдауға және осы талапты қойған тұлғаға акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлама жіберуге міндетті. Қойылған талапқа сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы шақырылған жағдайда Директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

- 11.5. Дауыс беру. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру кумулятивті дауыс беруді қоспағанда, сондай-ақ егер қолданыстағы заңнамамен өзгеше көзделмесе, "бір акция - бір дауыс" қағидасы бойынша жүзеге асырылады. Жалпы жиналыста дауыс беру ашық әдіспен және құпия дауыс берумен жүргізіле алады.
- 11.6. Құзыреті. Акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне Жалпы жиналыс шешімімен Биржа қызметінің кез-келген мәселелері жатқызылуы мүмкін. Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатқызылған мәселелер егер заңнамалық актілермен өзгеше көзделмесе, Биржаның басқа органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзіретіне беріле алмайды. Акционерлердің жалпы жиналысы Биржаның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Биржаның басқа органдарының кез-келген шешімінің күшін жоя алады.
- 11.7. Ерекше құзіреті. Акционерлердің ерекше құзіретіне келесі мәселелер жатады:
- 1) Биржа жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
 - 2) Биржаны корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - 3) Биржаны ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 4) Биржаның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Биржаның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) Биржаның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
 - 6) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 7) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
 - 8) Биржаның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
 - 9) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
 - 10) Биржа акцияларын ерікті түрде делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 11) Биржаның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Биржаның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 12) Заңмен қарастырылған жағдайда, биржаның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 13) Биржаға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Биржаның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
 - 14) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Биржаның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;

- 15) Биржа акцияларды Заңға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
 - 16) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 17) акционерлерге биржа қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
 - 18) "алтын акцияны" енгізу және оның күшін жою;
 - 19) Заңда және Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешім қабылдау.
- 11.8. Шешімдерді қабылдау тәртібі. Осы баптың 11.7-тармағының 1)-4) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Биржаның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады. Басқа мәселелер бойынша шешімдер дауыс беретін акцияларының қарапайым көпшілігімен қабылданады.
- 11.9. Жиналысты дайындау жауапкершілігі. Жиналысты өткізуге дайындық Жалпы жиналысты шақырту және өткізуге байланысты іс-әрекеттерді жасауды қамтиды (акционерлер мәлімдемесі, бюллетендерді жолдау, акционерлер тізімін жасау, жиналысты өткізуге арналған жабдықтарды және ғимаратты таңдау, қажетті материалдарды дайындау, шешімдер жобасын дайындау және т.б.). Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізуді жүзеге асырады:
- 1) Биржа Басқармасы;
 - 2) Биржаның Директорлар кеңесі;
 - 3) Онымен бекітілген шартқа сәйкес Биржаның тіркеушісі;
 - 4) Биржаның тарату комиссиясы.
- Егер заңнамамен өзгеше көзделмесе, Акционерлердің жалпы жиналысын шақырту, дайындау және өткізу бойынша шығындарды Биржа көтереді.
- 11.10. Жалпы жиналысты өткізу туралы ақпарат. Акционерлерге алда жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірілмей хабарлануға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға не оларға жіберілуге тиіс. Егер компания акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, хабарлама акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы жіберілуге тиіс. Хабарлама мазмұны қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес айқындалады.
- 11.11. Кворум. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімдемесі Биржа акцияларының ұстаушылары тізімдемесінің деректері негізінде Биржа тіркеушісімен құрылады. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, биржаның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп пайызын иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы. Осы баптың 11.7-тармағы 1)-4) тармақшаларында тізімделген мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау үшін Биржаның акцияларының жалпы санынан кемінде 75 (жетпіс бес) пайыз мөлшерінде кворум қажет.

- 11.12. Қайта өткізілген жиналыс кворумы. Акционерлердің бірінші Жалпы жиналыста кворумның болмауына байланысты өтпей қалған жалпы жиналысы орнына қайталап өткізілетін жалпы жиналысы егер тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін биржаның дауыс беретін акцияларының 40 (қырық) және одан да көп пайызы тіркелген болса құқылы. Қайта өткізілген Жалпы жиналыстың шешімдерінің қолданыс күші заңнамамен анықталады. Қайта өткізілетін жиналыстың мерзімі анықталып, жиналысты өткізу күні туралы хабарламамен бірге жариялануы қажет.
- 11.13. Жалпы жиналысты өткізу тәртібі. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі қолданыстағы заңнамамен, осы Жарғымен, Жалпы жиналыспен бекітілген басқа да құжаттармен және тікелей Жалпы жиналыстың шешімдерімен анықталады.
- 1) Тіркеу. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
 - 2) Жиналыстың жұмыс органдары. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлайды. Осы тармақта аталған тұлғаларды сайлау туралы мәселе бойынша шешім қатысушы санының қарапайым көпшілігімен қабылданады, әр акционер бір дауысқа ие болады.
 - 3) Жалпы жиналысқа қатысушы тұлғалар. Жалпы жиналыста акционерлермен, Директорлар Кеңесінің мүшелері мен атқарушы орган мүшелерімен қатар, егер Жалпы жиналыс шешімімен басқадай белгіленбесе, басқа да шақыртылған тұлғалар қатыса алады.
- 11.14. Сырттай дауыс беру. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін. Сырттай дауыс беру формасында қабылданған шешімдер Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін қажетті кворум сақталған жағдайда қолданыс күшіне ие болады. Егер қолданыстағы заңнамамен тікелей басқа жағдай қарастырылмаса, кез-келген мәселелер бойынша өткізілуі мүмкін.
- 1) Сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады). Дауыс беруге арналған бюллетень бірыңғай нысанда, қолданыстағы заңнамамен қарастырылған ақпаратты қамтуы тиіс және алушыға акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күннен немесе Жалпы жиналысты өткізбей сырттай дауыс беруге арналған дауыстарды есептен күннен бұрын 45 (қырық бес) күннен кешіктірмей жіберілуге тиіс. Дауыс беру кезінде тек дауыс берудің мүмкін нұсқаларынан дауыс берушімен тек біреуі ғана қалдырылған мәселелер бойынша берілген дауыс есепке алынады. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлғамен-акционер бұл тұлғаның жеке басын куәландырушы құжат туралы мәліметті көрсете отыра, қолын қойылуы тиіс. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге заңды тұлға-акционер оның басшысының қолы қойылып, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылуы қажет. Дауыс беруге Биржаның Жалпы жиналыс қатысушыларын тіркеу сәтінде немесе Жалпы жиналыс мәжілістері өткізілмей шешімдер қабылданатын дауыстарды санау күні Биржамен алынған бюллетеньдер қатысады.
- 11.15. Өкілдік. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өз өкілі (акционердің сенімді тұлғасы) арқылы дауыс беруге құқылы. Егер акция бірнеше тұлғалармен сатып алынса, олардың барлығы Биржаға қатысты бір акционер деп саналады және өз құқықтарын ортақ өкілі арқылы жүзеге асырады.

- 1) Сенімхаттар. Акционердің өкілі қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес рәсімделген сенімхат негізінде әрекет етеді. Жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына заңды тұлғалардың өкілдері үшін сенімхат нотариалдық куәландыруды қажет етпейді. Егер заңды тұлға-акционер өкілі шарт, құрылтай құжаттары ережелері немесе осы заңды тұлғаның қызметін реттейтін заңнама ережелерінің күшіне байланысты осы заңды тұлға атынан сенімхатсыз әрекет ету уәкілеттіктерімен бөлінген болса, мұндай өкілге сенімхат талап етілмейді.
- 11.16. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беру қорытындылары акционерлерге осы Жарғыда белгіленген немесе Акционерлердің жалпы жиналысымен анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы әрбір акционерге акционерлердің жалпы жиналысы жабылған соң 10 (он) күн аралығында жазбаша мәлімдеме жолдау арқылы хабарланады.

12-Бап. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 12.1. Директорлар кеңесінің функциялары. Осы Жарғыда немесе қолданыстағы заңнамамен акционерлердің жалпы жиналысының немесе Басқарманың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, директорлар кеңесі биржаның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады
- 12.2. Директорлар кеңесін сайлау. Директорлар кеңесі акционерлер ұсынған кандидаттар арасынан Акционерлердің жалпы жиналысымен сайланады және осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте Директорлар кеңесінің бұрын сайланған мүшелерінің уәкілеттіктері мерзімінен бұрын токтатылған жағдайда Жалпы жиналыспен қайта сайланады.
 - 1) Сандық құрамы. Биржаның Директорлар кеңесінің сандық құрамы Жалпы жиналыспен өзгеше көзделмесе, кемінде 5 адамнан тұрады.
 - 2) Директорлар кеңесі құрамына қойылатын талаптар. Директорлар кеңесінің құрамы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сай болуы қажет.
- 12.3. Уәкілеттіктер мерзімі. Директорлар кеңесінің мүшелері Жалпы жиналыс белгілеген мерзімге сайланады және егер бұл қолданыстағы заңнамаға қайшы келмесе, келесі мерзімдерге шектелмеген мәрте қайта сайлана алады. Биржаның Директорлар кеңесінің алдыңғы мүшесінің уәкілеттік мерзімі акционерлердің жаңа директорлар кеңесін сайлау өткізілетін жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады. Директорлар кеңесі мүшесінің уәкілеттік мерзімінің аяқталуына қарамастан, ол Директорлар кеңесінің жаңа мүшесінің қызметке нақты кірісуіне дейін немесе Директорлар кеңесі мүшелерінің санын қысқарту өткізілгенге дейін немесе Жалпы жиналыс шешімінде көрсетілген күнге дейін қызметін жалғастырады.
 - 1) Бос орынды толтыру. Егер Директорлар кеңесінде қандай да бір қызмет мерзімінен бұрын босаса, Директорлар кеңесі бұл ретте өз қызметтерін қалған құрамда және әдеттегі тәртіпте орындауды жалғастырып, Директорлар кеңесінің құрамына қажетті кандидатураны сайлау үшін кезектен тыс Жалпы жиналысты шақырту туралы мәселені акционерлер алдына қояды. Мұндай жағдайда кворум мәселесі Директорлар кеңесінің қалған мүшелерінің санына байланысты анықталады. Акционерлер қажетті кандидатураны сайлау мәселесін келесі жылдық Жалпы жиналысқа дейін қалдыруға құқылы, егер мұндай шешімге Биржаның дауыс беруші акцияларының көпшілігінің тиісті түрде мәлімденген иелері жақтаған болса. Бос орынды толтыру үшін тағайындалған Директорлар кеңесінің мүшесі оның алдындағы мүшенің қалған мерзіміне сайланады.

- 2) Директорлар санының азайтылуы. Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелерінің нақты саны осы Жарғыға сәйкес қарастырылған мөлшердің жартысынан аз болса, Биржа Биржаның Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін кезектен тыс акционерлердің Жалпы жиналысын шақыртуға міндетті.
- 12.4. Ерекше күзірет. Егер заңнамамен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің ерекше күзіретіне келесі мәселелер жатады:
- 1) Биржа қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
 - 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
 - 3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде, орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 4) Биржаның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу, сату және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 5) Биржаның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
 - 6) Биржаның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;
 - 7) атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 8) Биржадағы лауазымдық жалақылар мөлшерін және еңбек ақы төлеу мен басқарушыға, атқарушы орган мүшелеріне (жалғыз атқару органның қызметін жүзеге асыратын тұлғаның) сыйақы беру шарттарын бекіту;
 - 9) Ішкі аудит қызметінің уәкілеттіктер мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның басшылары мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Тексеру комиссиясының (ішкі аудит қызметінің) жұмыс тәртібін анықтау, Ішкі аудит қызметінің еңбек ақы мен сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау;
 - 10) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ биржаның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
 - 11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
 - 12) Биржаның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, оның ішінде аукциондар өткізу және Биржаның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
 - 13) Биржаның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - 14) Биржа басқа заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау, сондай-ақ олардың қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

- 15) Биржаның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Биржаның тіркеушісін таңдау;
- 16) Биржа немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- 17) ірі мәмілелер және жасалуына Биржаның мүддесі бар мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- 18) Биржа Басқармасының Төрағасымен еңбек шартына қол қоюға уәкілетті тұлғаны анықтау;
- 19) Биржа қорларын пайдалану;
- 20) Биржаның бизнес-жоспарын және Биржаның шешуші тиімділік көрсеткіштерін бекіту, олардың орындалуы туралы есептерді қарастыру;
- 21) Биржаның мәмілелерді жасауы туралы шешімдер қабылдау:
 - баланстық құны 3 000 000 (үш миллион) теңгеден асатын Биржа мүлкін шеттету немесе шеттету мүмкіндігіне байланысты;
 - баланстық құны 3 000 000 (үш миллион) теңгеден асатын мүлікті сатып алумен немесе сатып алу мүмкіндігімен байланысты;
 - нәтижесінде Биржа 3 000 000 (үш миллион) теңгеден астам соманы төлеуге және алуға міндетті;
 - ақысыз;
 - нәтижесінде Биржада 3 000 000 (үш миллион) теңгеден астам міндеттіліктер туындайтын.
- 22) Заңнамамен және Директорлар кеңесінің жекелеген шешімдерімен қарастырылған жағдайда, тәуелсіз бағалаушы кандидатураларын анықтау;
- 23) заңнамамен және осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзыретіне жатқызылмаған басқа да мәселелер.

Биржа директорлар кеңесінің ерекше құзіретіне жатқызылған мәселелер Биржа Басқармасының шешуіне беріле алмайды.

- 12.5. Төраға. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесі мүшелері арасынан сайланады. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын директорлар кеңесінің шешімі бойынша директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады. Директорлар кеңесі Төрағасын сайлау мәселесі бойынша дауыс беру (ашық немесе құпия) тәртібі Директорлар кеңесімен анықталады.
- 12.6. Мәжілістер. Директорлар кеңесінің мәжілістері қажеттілік бойынша шақырылады. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша, не директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің, биржаның ішкі аудит қызметінің, биржаға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның, ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар кеңесінің төрағасына директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен, атқарушы органға жүгінуге құқылы, ол директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің отырысы шақыру туралы талап келіп түскен күннен

бастап 10 күннен кешіктірмей шақыруға тиіс

- 1) Кворум. Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санынан жартысынан артығы қатысқан болса, Директорлар кеңесінің мәжілісінің заңды күші болады.
- 2) Дауыс беру тәртібі. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің бір мүшесімен Біржаның Директорлар кеңесінің екінші мүшесіне дауысын беруіне тиым салынады.
- 3) Шешім қабылдау тәртібі. Директорлар кеңесінің шешімдері директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде директорлар кеңесі төрағасының немесе директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адам даусы шешуші болады.
- 4) Мәлімдеме. Біржаның Директорлар кеңесі мүшелеріне алда болатын Директорлар кеңесінің жиналысы туралы мәлімдеме осы мәлімдеменің өтетін күні, уақыты, орны және күн тәртібі көрсетіле отырып жіберіледі. Мәжілістің өтуі туралы мәлімдеме егер Директорлар кеңесімен басқа мерзімдер қарастырылмаса, мәжіліс күніне дейін 10 (он) күн бұрын жолданады.
- 5) Мәжілісті кейінге шегеру. Мәлімдемеде көрсетілген күнге белгіленген мәжіліс егер оның шегерілуіне олардың қатыспауы кворумнан айыратын директорлар кеңесінің сондай мөлшері жақтаған болса, кейінге шегерілуі тиіс. Кейінге шегеру мерзімі 10 жұмыс күнінен аспауы қажет.
- 6) Хаттамалар. Директорлар кеңесінің мәжілісінің хаттамалары ол өткізілген соң 3 (үш) күннен кешіктірілмей рәсімделеді және оған мәжіліс төрағасы мен хатшысы қол қояды. Мәжіліске қатысушы Директорлар кеңесінің мүшелері мәжіліс хаттамасына қол қоюға, соның ішінде ерекше пікірін мазмұндауға құқылы.

Сырттай дауыс беру. Егер қандай да бір себептермен Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру мүмкіндігі болмаса, сырттай дауыс беру арқылы Директорлар кеңесінің шешімін қабылдауға жол беріледі. Бұл жағдайда әрбір Директорлар кеңесінің мүшесіне осы мерзім аралығында ол жауапты жолдауға міндетті болатын мерзімді көрсете отыра, сәйкес бюллетень жолданады. Сырттай дауыс беру нысанында қабылданатын шешімдер белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдермен Директорлар кеңесі мәжілісін өткізу үшін қажетті кворум сақталған жағдайда заңды болып саналады.

- 1) Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень мазмұны. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің Жалпы жиналысының сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеньдерге қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған мәліметтерді қамтуы қажет.
